


13 – сабақ тапсырмалары.

№1. АВ түзуі мен CD түзуінің қиылысуынан пайда болған AOC мен COB бұрыштарының градусық өлшемдерінің қатынасы 5 : 7 қатынасындай. AOD және BOD бұрыштарының градусық өлшемдерін табыңыз.




1 сурет

№2. АВ, CD және EF түзулері О нүктесінде қиылысады.

$\angle AOE = 40^\circ$; $\angle DOF = 80^\circ$. COB бұрышының градусық өлшемін табыңыз. (1 сурет).


№3. Екі түзудің қиылысуынан пайда болған бұрыштардың үшеуінің қосындысы 284° . Бұрыштардың әрқайсысының градусық өлшемін табыңыз.

№4. Сағат 9 – дан 10 минут өткенде сағаттың сағаттық тілі мен минуттық тілі арасындағы бұрыш неше градус болады?



№5. MN, KL және FT түзулері О нүктесінде қиылысады.

$\angle FOL = 110^\circ$ және $\angle KOM = 35^\circ$. $\angle MOT$ және $\angle KOF$ бұрыштарының градусық өлшемдерін табыңыз. (2 сурет)




3 сурет


№6. 3 – суреттегі дәптерге көшіріп салыңыз. А, В, С және D нүктелері k және l Түзулерінен қандай қашықтықта (торкөз есебімен жазыңыз)? (3 сурет)

№7. 4 – суреттегі АВ, CD және EF түзулері О нүктесінде қиылысады, $AB \perp CD$, $\angle AOE = 30^\circ$. COF бұрышының градусық өлшемі неше градус?

№8. CD мен EF – перпендикуляр түзулер. $\angle AOB$ – тік бұрыш. $\angle AOF = 125^\circ$. AOE және FOB – бұрыштарының градусық өлшемдері табыңыз. (5 сурет)




5 сурет



4 сурет


№9. Дәптерге ABC үшбұрышын салыңыз. Оның AB қабырғасының бойынан E және K нүктелерін белгілеңіз. E нүктесінен, K нүктесінен AC қабырғасына параллель EN, KL кесінділерін жүргізіңіз. Неше үшбұрыш пайда болды? Үшбұрыштардың параллель қабырғаларын белгіленулерімен жазыңыз.



6 сурет

№10. AB түзуіне OF перпендикуляры түсірілген. $\angle COD = 100^\circ$ және $\angle AOC = 50^\circ$. BOD бұрышының, DOF бұрышының градусық өлшемдерін табыңыз. (6 сурет)

№11. 7 – суретте кескінделген ABCDA₁B₁C₁D₁ тік төртбұрышты параллелепипедтің және ELPE₁L₁P₁ тік призманың параллель қырларын белгілеп жазыңыз.



7 сурет